

"Байланыс саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі іске асыратын қызметтердің бағаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 4 маусымдағы № 317/НҚ бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2025 жылғы 11 сәуірдегі № 148/НҚ бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Байланыс саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі іске асыратын қызметтердің бағаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 4 маусымдағы № 317/НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 197619 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Байланыс саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі іске асыратын қызметтердің бағалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

2) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі

Ж. Мәдиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

**Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі**

№ 148/НҚ от 11.04.2025

бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэрогарыш өнеркәсібі

министрінің

2024 жылғы 4 маусымдағы

№ 317/НҚ бұйрығымен

бекітілген

Байланыс саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі іске асыратын қызметтердің бағалары

P/c №	Көрсетілетін қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	ҚҚС-ты есепке алмағанда қызмет құны, теңге
1.	Халықтың теле-, радиоарналарды қабылдау сапасын қоса алғанда, көрсетілетін байланыс қызметтері сапасының параметрлерін өлшеу жөніндегі жұмыстарды орындау, сондай-ақ радиожиілік спектрін, радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды мониторингілеу:		
1.1.	радиожиілік спектрін, радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды мониторингілеу бойынша жұмыстарды орындау	жылына 1 қызмет	1 036 122 454
1.2.	байланыс қызметтері сапасының параметрлерін өлшеу бойынша жұмыстарды орындау	сағатына 1 қызмет	56 773
1.3.	халықтың теле-, радиоарналарды қабылдау сапасының параметрлерін өлшеу бойынша жұмыстарды орындау	жылына 1 қызмет	56 028 861
2.	Радиожиіліктер ресурстарын және орбиталық позицияларды халықаралық үйлестіру жөніндегі іс-шараларды техникалық қолдан отыру:		
2.1.	орбиталық позицияларды халықаралық үйлестіру жөніндегі іс-шараларды техникалық қолдан отыру	1 жерсеріктік желі	4 768 774
2.2.	радиожиіліктер ресурстарын (жерусті радиокызметтерін)		21 466 038

	халыкаралық үйлестіру жөніндегі іс-шараларды техникалық колдан отыру	1 радиобайланыс түрі	
3.	Радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу:		
3.1.	радиорелелік станциялар	1 станция үшін 1 радиожиілік	9 534
3.2.	ұялы байланыстың стационарлық (базалық) станциялары	1 станция үшін 1 сектор	6 698
3.3.	телевизиялық хабар таратуға арналған радиотаратқыш құрылғылар; эфирлік-кабельді теледидар станциялары; дыбыстық (радио) хабар таратуға арналған радиотаратқыш құрылғылар	1 станция үшін 1 радиожиілік	4 325
3.4.	жерсеріктік байланыстың стационарлық (жердегі) станциялары	1 станция үшін 1 радиожиілік	3 599
3.5.	с ы м с ы з радиоколжетімділік жүйесінің стационарлық (базалық) станциялары (WLL)	1 станция үшін 1 радиожиілік	13 826
3.6.	ультрақысқа толқынды радиобайланысқа және УҚТ-диапазонына с ы м с ы з радиоколжетімділік жүйесіне арналған стационарлық кабылдау-тарату радиоэлектрондық құралдары; транкингтік радиобайланыс жүйесіне арналған стационарлық кабылдау-тарату радиоэлектрондық құралдары; радиотелеметрияға арналған стационарлық (базалық) кабылдау-тарату станциялары; ұзын толқынды, орташа толқынды, қысқа толқынды диапазонға	1 станция үшін	8 988

	арналған стационарлық радиоэлектрондық құралдар	1 радиожиілік	
4.	Ұялы байланыстың абоненттік құрылғылары сәйкестендіру кодтарының дерекқорын және абоненттік нөмірлердің орталықтандырылған дерекқорын қалыптастыруды, олардың жұмыс істеуін, оларды қолдан отыруды және дамытуды қамтамасыз ету, оларға қолжетімділік беру:		
4.1.	ұялы байланыстың абоненттік құрылғылары сәйкестендіру кодтарының дерекқор ресурстарына қолжетімділік беру	айына 1 қызмет	7 067 704
4.2.	абоненттік нөмірлердің орталықтандырылған дерекқор ресурстарына қолжетімділік беру:		
4.2.1.	ұялы байланыс операторларына	айына 1 қызмет	4 499 192
4.2.2.	қалааралық және халықаралық байланыс операторларына	айына 1 қызмет	253 987
5.	Радиоэлектрондық құралдардың және радиожиіліктерді иелікке берудің тізілімін (дерекқорын) жүргізуі және Қазақстан Республикасының елді мекендерінде байланыс желілерінің болуы және байланыс сапасын бақылау нәтижелері туралы ақпаратты қамтитын интернет-ресурсты (телекоммуникациялардың цифрлық картасы) техникалық қамтамасыз ету:		
5.1.	радиоэлектрондық құралдардың және радиожиіліктерді иелікке берудің тізілімін (дерекқорын) жүргізуі техникалық қамтамасыз ету	жылyna 1 қызмет	64 140 163
5.2.	Қазақстан Республикасының елді мекендерінде байланыс желілерінің болуы және байланыс сапасын бақылау нәтижелері туралы ақпаратты қамтитын интернет-ресурсты (телекоммуникациялардың цифрлық картасы) техникалық қамтамасыз ету	жылyna 1 қызмет*	89 494 614
6.	Телерадио хабарларын тарату желілерінің жиілік-аумақтық жоспарын келісу, сондай-ақ телерадио хабарларын тарату желілері үшін радиожиіліктерді іріктеу мен қолдан отыру:		
	телерадио хабарларын тарату желілерінің жиілік-аумақтық		

6.1.	жоспарын келісу, сондай-ақ телерадио хабарларын тарату желілері үшін радиожиіліктерді іріктеу мен қолдан отыру	1 станция үшін 1 тағайындау*	111 192
------	---	---------------------------------	---------

Ескертпе:

*көрсетілетін қызметтің бағасы құрылатын нақты шығындар бойынша қызметті іске асырған сәттен бастап күнтізбелік бір жыл өткен соң қайта сараптауға жатады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК